

"Павлодарэнерго" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының құрылымдық бөлімшелерін қайта жаңғырту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 17 қазан N 1279

"Электр энергетикасындағы жекешелендіру және қайта құрылымдау бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 мамырдағы N 663 P960663 _ қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті қолданылып жүрген заңдарға сәйкес:

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп оның құрамынан "Павлодарэнерго" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын " Севказэнергоремонт" өндірістік кәсіпорнының, Павлодар 2-ЖЭО-ның, Павлодар 3-ЖЭО-ның және аймақтық электрлік және жылу тораптарының бөлу балансына сәйкес мүліктік кешендерін бөлу жолымен қайта ұйымдастырсын;

бір ай мерзім ішінде мүліктік кешендер базасында акционерлік қоғамдар құрсын;
Павлодар облысының әкіміне құрылған акционерлік қоғамдардың

акцияларының мемлекеттік пакеттері иелену, басқару, пайдалану және билік ету құқығында берілсін.

<*>

Ескерту. 1-тармақтың 4-абзацы жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.

11.07. N 1355 қаулысымен.

P961355_

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.11.07.

N 1355 қаулысымен.

P961355_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК